

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Яновская О.Я. Корпоративное управление: учебник // Министерство образования и науки Республики Казахстан / О.Я. Яновская, Н.В. Никифорова. – Алматы: Экономика, 2015. – 319 с.
2. Юсупов Б. Кодекс корпоративного управления по казахстанским стандартам / Б. Юсупов // Рынок ценных бумаг Казахстана. – 2011. – №17. – С. 31-35.
3. OECD Principles Corporate Governance. Принципы корпоративного управления ОЭСР // Рынок ценных бумаг Казахстана. – 2000. – №11. – С. 14-22.

REFERENCES

1. Janovskaja O.Ja., Nikiforova N.V., *Korporativnoe upravlenie. uchebnik. Ministerstvo obrazovanija i nauki Respubliki Kazahstan. Almaty, Jekonomika, 2015, 319 (in Russ).*
2. Jusupov B., *Kodeks korporativnogo upravlenija po kazahstanskim standartam. Ry-nok cennyh bumag Kazahstana. 2011, 17, 31-35 (in Russ).*
3. *OECD Principles Corporate Governance. Principy korporativnogo upravlenija OJeSR. Ry-nok cennyh bumag Kazahstana. 2000, 11, 14-22 (in Russ).*

ӘОЖ 81.373.21

Б.Н. БИЯРОВ

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті,
Өскемен қ., Қазақстан

ТОПОНИМДЕРДІ АУЫСТЫРУДЫҢ ТЫҢ ТӘСІЛІ

Мақалада Шығыс Қазақстанда кірме топонимдерді ауыстыру мәселесі бар екені айтылады және оларды мемлекеттік тілге ауыстырудың жаңа, тиімді тәсілі туралы сөз болады. Қазіргі кезде қоғамның ономастикалық сауатсыздығы байқалады. Мақала атауды ауыстыру ісіне дұрыс жол көрсетеді. Топоним өзі атайтын нысанның ерекше бір белгісіне қарай жасалуы керек. Олай болмаса онда атаулық қасиет қалмайды.

Түйін сөздер: топоним, ономастика, калька, тарихи атаулар, ұлттық келбет.

НОВЫЙ МЕТОД ПЕРЕИМЕНОВАНИЙ ТОПОНИМОВ

В статье рассматривается проблема переименования топонимов в Восточном Казахстане и предлагаются эффективные способы замены заимствованных топонимов. На сегодняшний день в обществе наблюдается ономастическая безграмотность. В статье указывается правильный путь переименований названий. Топонимы должны быть образованы по определенным знакам объекта, только в том случае топоним становится топонимом.

Ключевые слова: топоним, ономастика, калька, исторические названия, национальный облик.

THE NEW METHOD OF RENAMING TOPONYMS

The article deals with the problem of renaming toponyms in East Kazakhstan and suggests effective ways of replacing borrowed toponyms. To date, there is onomastic illiteracy in society. The article indicates the correct way to rename the names. Toponyms must be formed according to a certain object symbol. Only in this case toponym becomes a toponym.

Keywords: toponym, onomastics, tracing paper, historical names, national appearance.

Шығыс Қазақстан облысы, оның ішінде солтүстікте орналасқан аудандар (Глубокое, Шемонаиха, Риддер т.б.) орыс отарына ерте ұшыраған аумаққа жатады. Биыл Өскемен қаласының салынғанына 297 жыл толды. Отарлауға дейін бұл аймақта кімдер тұрған? Әрине, сақ, ғұн, түркі, қимақ, қыпшақ, найман, моңғол, қазақ деп хронологиялық тәртіппен айтып шығуға болады. Алайда солтүстік аудандардың жер-су аттарында олардың ізі де қалмаған. Тұрғысын, Ертіс (Иртыш) сияқты бірен-саран топоқалдықтар қана кездеседі. Қалған түркі, моңғол тілді топонимдер қайда кетті?

Солтүстіктегі елді мекен немесе табиғи нысандардың түркілік не моңғолдық тарихи аттары ешқандай мұрағатта, жазба деректерде, карталарда сақталмаған. Ең алғашқы орыс саяхатшыларының жазбаларында, карталарында кездесетін топонимдердің дені орыс тілінен жасалғанын көреміз. Сонда отарлау басталғанда, алғашқы лекпен келген қарашекпенді шаруалардың өзі бірден жер-су аттарын ауыстырып отырғанын байқау қиын емес. Жерді меншіктеудің, иемденудің ең тиімді жолы жер-су аттарын ауыстыру екенін олар жақсы ұққан сыңайлы. Жер-су аттарын ауыстыру туралы арнайы нұсқау болуы да ықтимал.

Бұдан туындайтын мәселе – кірме атаулардың орнын басатын топонимдердің табылмауы. Ал кірме атауларды ауыстыру тек Қазақстанды әлемге танытатын белгінің бірі болып табылатын оның физика-географиялық нысандарының атаулары біртұтас ұлттық сипатқа ие болуы ғана емес, БҰҰ, Бүкіләлемдік почта одағы, Халықаралық гидрографиялық бюро, Халықаралық азаматтық авиация ұйымы, Халықаралық картографиялық бірлестік, Халықаралық стандарттау ұйымы т.б. ірі қауымдастықтардың талабы болып отыр. Жеке тәуелсіз мемлекет болдың екен, халықаралық кездесулерде өз тілінде сөйлеуің керек, адам есімдері, жер-су аттары, елді мекен аттары мемлекеттік тілде жазылуы керек, тіпті ұлттық киіммен жүруге де қарсылық жоқ.

Ал елімізде ауыстыруды қажет ететін кірме, саяси, жасанды атаулардың пайызы әлі де жоғары. Мәселен, Шығыс Қазақстан облысының Глубокое, Зырян, Бородулиха, Риддер аудандарында жер-су аттарын мемлекеттілікке сәйкестендіру шаралары жүзеге аспай жатыр. Біз сияқты тәуелсіздігін алған ТМД елдері мемлекеттілігін баяғыда реттеп, ұлттық белгілерін сәйкестендіріп алған. Бізге де сырттан келіп жатқан кедергі жоқ, тек өзіміздің жалтақ, енжар, кертартпа мінезіміз ғана кеселін тигізіп тұр.

Біз бұрынғы мақалаларымызда топонимдерді жаңғыртудың бірнеше тиімді тәсілдерін ұсынғанбыз:

1 Ел есінде, құжаттарда, мұрағаттарда сақталып қалған тарихи атауларды заңды орнына қайтару жолы. Мысалы, Аксаковка ауылы – Көлденең ауылы (Үржар ауданы);

Большая Владимировка ауылы – Бесқарағай ауылы (Бесқарағай ауданы);

Ленинка ауылы – Сағыр ауылы (Ұлан ауданы);

Сергиополь ауылы – Мамырсу ауылы (Аягөз ауданы);

Верх-Катунь ауылы – Ақшарбақ ауылы (Катонқарағай ауданы);

Некрасовка ауылы – Жоғарғы Егінсу ауылы (Үржар ауданы);

Новотимофеевка ауылы – Сарыбел ауылы (Көкпекті ауданы).

Міне, бұларды облыстық Ономастикалық комиссияның жетістіктері қатарына жатқызуға болады. Қазақ халқы ежелден көшпелі өмір сүргендіктен, жер-су аттары ерекше маңызды факторға айналған. Әр атауда ұлттық дүниетаным, психология, салт-дәстүрдің кумулятивті түрде жинақталып жатуы өз алдына, әр атау жер бедерін өте жоғарғы дәлдікпен белгілеуді мақсат еткен. Сондықтан тарихи атаулар өте бағалы құндылықтар қатарына жатады. Тарихи атауды қандай атақты адамның атына болсын, қандай әдемі сөзге болсын айырбастауға болмайды. Біздің міндетіміз – ең алдымен, осындай тарихи топонимдерді іздеу. Тарихи атты тауып, заңды орнына қайтару топонимдерді реттеудің ең оңай да жеңіл жолы болып табылады.

Ал бүгінгі ұрпақ көшпелі өмірді мүлде ұмытқан. Антрополог-ғалым А.М. Хазановтың айтуынша, «XX ғасырдың 1920-1930 жж. Орта Азия мен Қазақстан номадтары күшпен отырықшылық өмірге көшірілген». Отырықшылыққа көшкен соң, бүгінгі буын өкілдеріндегі көшпеліге тән нышандар да жоғалды. Олар жер-суға адам есімдерін, қайдағы бір дерексіз ұғым беретін әсіреқызыл сөздерді қоя бастағаны сондықтан деп ұққан жөн.

2 Жер-судың ерекше бір белгісіне қарай жаңадан ат қою жолы. Мысалы: Чаловка ауылы – Талды ауылы (Катонқарағай ауданы);

Черновая ауылы – Аққайнар ауылы (Катонқарағай ауданы);

Новопокровка ауылы – Қарағайлы ауылы (Бородулиха ауданы).

Тізімдегі үш атау да сәтті ауыстырылған деуге болады. Олар жер бедерінің ерекше бір белгісіне сүйеніп барып жасалған. Мәселен, Черновая ауылының маңында қайнар-тұмалар көптеп кездеседі. Осы құм астынан қайнап шығып жатқан тұмалар атауға уәж болған. Бұлар да тарихи атауларға ұқсас, өйткені тарихи атаулар да жердің ерекше белгісін ескеріп барып жасалады. Мәселен, Ленинка-Сағыр ауысымындағы *сағыр* сөзі көне тілімізде «суыр» мағынасын берген (сағыр-сығыр-суыр). Біздің зерттеуімізде ауыл маңында суыр қалың болған, қазір де кездеседі.

Талды, Акқайнар, Қарағайлы ойконимдері сол жердің ерекше белгісіне қарай жаңадан, тыңнан жасалған атаулар. Мен өз еңбектерімде осы әдісті қолдану жолдарын ұсынған болатынмын. Себебі көптеген кірме атаулардың тарихи аттары ел есінде де, мұрағат құжаттарында да сақталмаған. Бұл әдіс осындай жағдайда ғана қолданылады. Ескертетін бір жағдай, географиялық нысанның бірнеше белгісі болуы да мүмкін. Бұл тәсілге мақаламызда кеңінен тоқталамыз.

3 Калька арқылы (тікелей аудару) жолы. Мысалы: Новореченск ауылы – Жаңаөзен ауылы (Жарма ауданы);

Большенарым ауылы – Үлкен Нарын ауылы (Катонқарағай ауданы);

Белое ауылы – Ақсу ауылы (Катонқарағай ауданы);

Солнечный ауылы – Шуақ ауылы (Жарма ауданы).

Заманында орысша атаулардың кейбірі қазақша атауды тікелей аудару арқылы өзгертілген болатын: Ақсу – Белое. Енді біз қайыра калька жасау арқылы тарихи атауды қайтарып алуға болады: Ақсу – Белое – Ақсу. Бұл да тиімді әрі жеңіл тәсіл болып саналады.

4 Фонетикалық жақтан ауызекі тілде қалыптасып кеткен атауларды қалдыру жолдары. Мысалы: Семипалатинск қаласы – Семей қаласы;

Язовая ауылы – Жазаба ауылы (Катонқарағай ауданы);

Фыкалка ауылы – Бекалка ауылы (Катонқарағай ауданы).

Халықтық тілде айтылып қалыптасқан Семей, Өскемен, Кереку сияқты фонетикалық атауларды бекітуге болады, бірақ оларда мағына жоқ. Олар тек таңбалық қана қызмет атқарады. Егер тарихи аттары сақталса, не сол жерді дәл белгілейтін бір атау табылса, фонетикалық ойконимдерді жібермеген жөн болады.

Біз кезінде Өскеменге – Тасқорған, Семипалатинскіге – Жетікент, Павлодарға – Қимақорда деген ойконимдерді ұсынған едік. Алайда Семей, Өскемен атаулары ел аузында қалыптасып кетті.

Ал Жазаба, Бекалка атауларын кезінде орыстар Язовая, Фыкалка деп атап алған деген пікір дұрыс емес. Ол екеуі де кезіндегі староверлердің сөздері. Бұлар фонетикалық жақтан қазақ тіліне икемделген ойконимдер. Сухойлог-Сукөйлек деген сияқты.

5 Көрші тұрған бір макротопонимді ала салу жолы. Мысалы: Завидное ауылы – Айыртау ауылы (Ұлан ауданы);

Георгиевка ауылы – Қалбатау ауылы (Жарма ауданы);

Славянка ауылы – Қайыңды ауылы (Көкпекті ауданы).

Бұл, қазақша айтқанда, еріншектердің ойлап тапқаны. Бұрыннан бар, карталарда белгіленген топонимді екінші бір нысанға беру заңсыз болып табылады және атаулардың қайталануы деген қателікке ұрындырады. Ол қателік, өз кезегінде, почта, телеграф қызметтерін шатастыруға алып келеді. Айыртау,

Қалбатау, Қайыңды (өзеннің аты) топонимдері ежелден келе жатыр. Келешекте даяр атауларды пайдалануға жол беруге болмайды. Жалпы топонимдердің қайталанып келуі сол халықтың тіл жұтандығын, сөз байлығының аздығын білдіреді. Өйткені атау дегеніміз кәдімгі сөзбен бірдей дәрежеде қызмет етеді.

Жоғарыда айтып өткен геосаяси жағдайлар екінші тәсілді, тыңнан ат қою тәсілін қолдануға мәжбүр етті және бұл тәсілді біз ұсынып, қолданып та жүрміз. Ал бұл тәсілдің бастауы ХХ ғасырдың басында қалыптасқан «Сөздер мен заттар» атты тіл мектебінің тұжырымдарында жатыр. Олар затты зерттеп барып, атаудың сырын ашуға болады деген еді. Оны «Сөздер мен заттар» мектебінің өкілдері Г. Шухардт, Р. Мерингерлер тамаша дәлелдеп те шықты. Мәселен, Г. Шухардт өзінің «Заттар мен сөздер» атты мақаласында былай дейді: «Сөз затты білдіреді, зат – алғашқы, ол еш нәрсеге тәуелсіз, өзі үшін өмір сүреді, ал сөз затқа қарағанда соңғы, кейінгі, ол – затқа тәуелді, оның өмірі затқа байланысты, зат жоқ болса, оған қойылатын атау да жоқ, тілдегі әр сөздің өзіндік тарихы бар, оны тек лингвистикалық талдау жасау арқылы ғана емес, заттар тарихы арқылы да зерттеуге болады, заттар тарихы мен сөздер тарихы арасында толық параллелизм де, сондай-ақ күрделі және нәзік қарым-қатынастар да бар, тіл білімінің міндеті – соны ашу» [1].

Бұл аксиома-анықтама «Болмысты жаратқан – сөз. Сөз – алғашқы» дейтін пікірді терістейді. Шындығында, болмыс (реалий) адам баласы жаратылғанға дейін, оның тілі шыққанға дейін бар еді. Адам саналы адамға (*homo sapiens*) айналғанда, бар дүниені жіктеп-жіктеп атай бастаған. Барлық сөз, оның ішінде жалқы есімдер де, дәл осы жолмен жасалды. Мысалы, тауды – тау деді, суды – су деді. Екі тау қатар тұрса, бірінен-бірін ажырату үшін бірін – Ақтау, екіншісін – Қаратау деді т.б.

Өз зерттеулерінде заттарға ерекше мән берген Р. Мерингер: «Заттарды зерттемей тұрып, ешқандай да сөздерді зерттеу деген болуы мүмкін емес», – дейді. Ол біршама мол археологиялық, тарихи және этнографиялық материалдарды саралай келіп, көптеген халықтардың ерте кезде үй қабырғасын шарбақ етіп тоқығанын анықтайды. Сөйтіп неміс тіліндегі *wand* «үйдің қабырғасы» сөзінің төркінін латын тіліндегі *winden* «ию, тоқу» деген етістіктен шығарып алады [2].

Г. Шухардт зат пен сөздің арасындағы қарым-қатынастарды барынша қамтып жазды. Ол зат пен сөздің арасында міндетті түрде ұғым жататынын стоиктерден соң тағы бір дәлелдеп өтеді. Зат, ұғым, сөз арасындағы күрделі байланысты шешу үшін, алдымен заттан бастап «тарқату» (Г. Шухардт) керектігін атап көрсетеді [1].

Бұл айтылғандар табиғатынан сөз сияқты жаратылған жалқы есімдерге де тән болып келеді. **Зат – ұғым – сөз** ретіндегі орын тәртібін сақтау, мәселен, топонимде **географиялық нысан – ерекше бір белгі – атау** түрінде көрініс

береді. Ендеше географиялық нысанға жаңа атау бергенде, осы үлгіні басшылыққа алып, оның ерекше бір белгісіне қарау қажет болады.

Г. Шухардт: «Бір затты әртүрлі адамдар әртүрлі танып біледі» және «Біреуге заттың бір белгісі көрінетін болса, екінші бір адамның көзіне екінші белгісі түседі», – дейді [1]. Зат пен сөздің арасындағы осындай байланыс жалқы есімдерде айна қатесіз қайталаанады. Бұдан біздің тақырыбымызға байланысты екі қорытынды шығады:

– зат (табиғи нысан) өзгеріп кеткеннің өзінде, сақталып қалған сөзді (атауды) зерттеу арқылы бастапқы нұсқасын қалпына келтіруге болады; керісінше, өзгеріске түспеген кез келген затты (табиғи нысанды) зерттеу арқылы, оның бұрынғы сөзін (атауын) анықтауға болады. Адамның жүзі күніне жүз құбылуы мүмкін, ал табиғат өте баяу өзгереді. Табиғи нысанның белгілері де көп өзгеріске түспейді;

– атаудың ерекше бір белгісіне қарап, көптеген кірме атауларды қазақ тіліне тікелей аударып (калькалап) алуға мүмкіндік туады. Мәселен, кезінде орыс қоныс аударушылары Ақсу гидронимін Белая деп өз тілдеріне қотарып алса, ендігі кезекте оны қайыра калькалап, Ақсу атауын қайтарып алуға болады (Ақсу – Белая – Ақсу). Бұл – топонимдерді жаңғыртудың ең оңай жолы.

Сонымен «Сөздер мен заттар» мектебінің өкілдері экстралингвистикалық факторлардың ішкі лингвистикадан еш кем соқпайтынын дәлеледеп берді. Оларды тілден ауытқып, заттарға ерекше мән береді деп айыптағанымен, сөздің этимологиясын ашу үшін, затты зерттемей болмайтынын мойындауға тиіспіз. Оның үстіне жаратылыстану ғылымы ерекше дамып отырған ХХІ ғасырда заттарды зерттеу көп қиындық туғызбайды.

Қазіргі аудио-видео техникалар мен транспорт түрлері жетілген заманда жер-су аттарын анықтау немесе жаңарту үшін, географиялық нысандарды көзбен көріп, қолмен ұстап барып, тиісті шешім шығаруға әбден болады. Бұл – міндетті де. Өйткені сөзжасам (топонимжасам) арқылы тың атаулар жасамас бұрын, ол табиғи нысанды көзбен көріп, ерекше белгісін анықтап алса, атау мен нысан арасында сәйкессіздік болмас еді. Біздің тіл философиясына, оның ішінде зат пен сөз арасындағы күрделі қатынасқа тоқталып жатуымыздың өзі осы міндеттерді айқындап алудан туындап отыр. Топонимжасам арқылы жаңа атаулар тудырғанда, ол атау (мәселен, сөз) географиялық нысанмен (мәселен, зат) үндес келіп жатуға тиіс. Олай болмаса, жаңа атауда ешқандай жалқы есімдік қасиет қалмайды. Ол мән-мағынасыз дыбыстар тіркесі ғана болып шығады.

Біз тыңнан ат қою тәсілін тәжірибеден өткізіп те жүрміз. Жуықта Өсемен қаласына жақын орналасқан Глубокое ауданын әдейі аралап, 13 елді мекенге қазақша ат тауып бердік, ал оларды ауыстыруды аудан әкімшілігі өз міндетіне алып отыр. Мұнда Калинин, Куйбышев, Фрунзе, Киров сияқты қызыл көсемдердің

атындағы ауылдық округтер күні бүгінге дейін сақталып келген.

Атауларды ауыстыру кезінде мынадай тәсілдер қолданылды:

1. **Тархан** (Тарханка) ауылы, Тархан ауылдық округі (Фрунзе а.о.): *Тархан* түркі тілінен жасалған сөз, мағыналары: «алым-салықтан босатылған адам», «еркін адам», «ханның сүйікті адамы», «әскери қолбасшы». Түркі тілінен орыс тіліне енген, мағыналары: «1. Вотчинник, свободный от всех податей», «2. Скупщик холста, льна, пеньки, шкур или мерлушки, щетины (в деревнях)» [3]. Бұл елді мекенде тархан лауазымын алған немесе саудагер адам тұрған соң, Тарханка деп аталған. Қазіргі талап бойынша Тархан ауылы деп атауға болады.

2. **Бөлектау** (Винное) ауылы: Елді мекеннің ерекше бір белгісіне қарай тыңнан ат қоюға тура келеді. Ол белгі ретінде ауылдың оңтүстігінде қалған тау жүйесінен бөлек, оқшау тұрған бір биік төбені таңдап алдық. Мұндай тауларды қазақтар Жалғызтау, Шолақтау, Бөлектау деп атаса, моңғолдар Қоңқай дейді. Қазақша атау табиғи нысанның ерекше бір белгісіне орай, осылайша Бөлектау деп беріліп отыр.

3. **Ағынсу** (Быструха) ауылы. Ағынсу ауылдық округі (Куйбышев а.о.). Елді мекеннің аты орыс тілінен қазақ тіліне тура аудару (калькалау) арқылы жасалды, өйткені елді мекеннің ішінен ағатын өзеннің тасыған кездегі ағысы ерекше белгі ретінде алынған. Кейін өзен атауын да Ағынсу деп өзгертуге болады. Ағынсу, Тұрғынсу, Жайықсу, Қатынсу судың әртүрлі жағдайын білдіретін атаулар (гидронимдер) болып табылады.

4. **Қарауылшоқы** (Секисовка) ауылы: Секисовка фамилиядан жасалған атау екені көрініп тұр. Елді мекеннің жанында Глядень деген биік шоқы бар. Кезінде қазақтар ол шоқының басына қарауыл қойып, әлдебір оқиға болса, түтін салып белгі беріп отырған дейді жергілікті тұрғындар. Соған орай Глядень тауын Қарауылшоқы деп қайта атап, елді мекенге ұсынуға болады. Енді бір нұсқасы -шоқыны Баркөрнеу «барлығы көрініп тұратын биік жер» деп атауға да лайық келеді. Аудан әкімшілігі екі нұсқадан Қарауылшоқыны таңдап алды, өйткені тұрғындарға түсіндіру оңайырақ болады деген уәж айтты.

5. **Жылға** (Михаиловка) ауылы: Михаиловка – фамилиядан жасалған атау. Қазіргі кезде адам есімін, тегін елді мекенге, жалпы жер-суға қоюға болмайды деген талап бар. Сол себепті және шағын ауыл тұтастай жылғада (сайда) орналасқандықтан, Жылға деп атаған дұрыс болады деп ойлаймыз.

6. **Егінді** (Белокаменка) ауылы: Белокаменка ойконимін Ақтасты деп тікелей аударуға болар еді, бірақ Ақтас Глубокое кентінің тарихи аты болып табылады. Бір аудан ішінде атаулардың қайталанып келуі дұрыс емес, почта т.б. қызметтерді қиындатады. Сол себепті елді мекеннің ерекше белгісі ретінде ауыл маңындағы егінді алқаптарды таңдап алдық. Ауылға Егінді аты жарасып тұрғандай.

7. **Кеншайған** (Белоусовка) ауылы: Белоусовка – адам тегінен пайда болған ойконим. Елді мекеннің ерекше белгісі ретінде ол жерде кен рудаларының өңделетін қызметі таңдап алынды. Ертеде кенді өндіруді шайған деп атаған: алтын шайған, жез шайған т.б. Атау елді мекеннің негізгі кәсібіне сәйкес келеді.

8. **Қаражон** (Черногорка) ауылы. Ауылдың атын орыс тілінен қазақ тіліне тікелей аудару арқылы ауыстыруға болады. Қаражон атауындағы *жон* сөзі биік, дөңес, жота, арқа сөздеріне синоним бола алатын географиялық термин болып табылады.

9. **Кеңсай** (Березовка) ауылы, ауылдық округі (Калинин а.о.). Елді мекен ұзынша келген кең сайда орналасқандықтан Кеңсай атауы берілді. Қайыңды дегуге негіз жоқ, өйткені мұнда қайыңды тоғай көрінбейді.

10. **Ертіс** (Прапорщикова) ауылы, ауылдық округі (Киров а.о.). Елді мекен Ертіс өзенінің жағасында орналасқан және Ертіс атты тағы бір елді мекен облыс көлемінде жоқ. Жергілікті тұрғындардың ұсынысы да Ертіс атауына сәйкес келеді.

11. **Ақжал** (Перевальный) ауылы. Елді мекеннің батысындағы ақтасты жал (жота) атауға себеп болды.

12. **Қызылжар** (Предгорное) ауылы. Елді мекеннің ішінен ағатын өзен Краснояр деп аталады екен. Өзен атын тура калькалап аударып, Қызылжар түрінде ауылға да, өзенге де берсе, жарасады. Оның үстіне атаудың жартысы *яр/жар* түркі сөзінен жасалып тұр.

13. **Ақтас** (Глубокое) кенті. Глубокое кентінің тарихи аты Ақтас екенін жергілікті тұрғындардың айтуынша және осы өңірден шыққан жазушы, аудармашы Кеңес Юсуптің жазба деректеріне сүйеніп анықтап отырмыз. Бұл жер кен орны болғандықтан, бойына кен жинаған ақ тастардың болуы заңды құбылыс болып табылады.

Қорыта келгенде, Республикамыздың шығысы мен солтүстігінде ауыстыруды қажет ететін кірме топонимдер әлі де баршылық. Оларды ауыстырудың тиімді тәсілдерін көрсеттік және бұл тәсілдер жер-суға, елді мекенге кісі есімдерін (Айтбай ауылы, Қожаберген ауылы т.б.), жалпы мағыналы сөздерден жасалған атауларды (Шаттық ауылы, Достық ауылы т.б.) қоядан сақтандырады. Ескерте кететін бір мәселе, табиғи нысанның, не елді мекеннің тарихи аты сақталмаса, немесе калькалап аударуға келмесе ғана тынан ат қою тәсілі қолданылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Шухардт Г. Избранные статьи по языкознанию / Пер. с нем. Изд. 2-е / Г. Шухардт. – М.: Едиториал УРСС, 2003. – С. 201, 204, 205.
2. Бондалетов В.Д. Русская ономастика: учеб. пособие для студентов пед. ин-тов по спец. №2101 «Рус. яз. и лит.» / В.Д. Бондалетов. – М.: Просвещение, 1983. – С. 70.
3. Шипова Е.Н. Словарь тюркизмов в русском языке / Е.Н. Шипова. – Алма-Ата: Наука, 1976. – С. 132.

REFERENCES

1. Shuhardt G., *Izbrannye stat'i po jazykoznaniju. Per. s nem. Izd. 2e, M., Editorial URSS, 2003, 296 (in Russ).*
2. Bondaletov V.D., *Russkaja onomastika, ucheb. posobie dlja studentov ped. in.tov po spec. 2101, Rus. jaz. i lit., M., Prosveshhenie, 1983, 224 (in Russ).*
3. Shipova E.N., *Slovar' tjurkizmov v russkom jazyke. Alma Ata, Nauka, 1976, 444 (in Russ).*

УДК347.9(574)

Б.Т. ҒАЛИЕВА, М.И. ДЯЧУК

Восточно-Казахстанский государственный университет имени С. Аманжолова
г. Усть-Каменогорск, Казахстан

ПРИМИРИТЕЛЬНЫЕ ПРОЦЕДУРЫ В
ГРАЖДАНСКОМ СУДОПРОИЗВОДСТВЕ

В данной статье рассмотрены проблемы и перспективы развития примирительных процедур в гражданском судопроизводстве Республики Казахстан.

Научная новизна исследования состоит в том, что впервые рассматривается и изучается новый метод урегулирования правовых споров – партисипативный способ как в теории, так и в практике.

Ключевые слова: проблемы, медиация, споры, конфликт, партисипативный способ, урегулирование спора, примирительные процедуры.

АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДЕГІ БІТІМГЕРЛІК РӘСІМДЕРІ

Бұл мақалада Қазақстан Республикасының азаматтық сот ісін жүргізудегі бітімгерлік рәсімдерді дамытудың проблемалары мен перспективалары қарастырылады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы, алғаш рет құқықтық дауларды шешудің жаңа әдісі – теория мен практикадағы партисипативті тәсілі қарастырылып зерттелуде.

Түйінді сөздер: проблемалар, медиация, даулар, қақтығыстар, қатысу жолдары, дауларды реттеу, бітімгерлік рәсімдері.

CONCILIATION IN CIVIL PROCEDURE

This article deals with the problems and prospects of development reconciliatory procedures in civil legal proceedings of the Republic of Kazakhstan.

The scientific novelty of the research lies in the fact that for the first time a new method of settling legal disputes is being examined and studied – Partisipative way in theory, and in practice.

Keywords: problems, mediation, disputes, conflicts, participatory method, settlement of disputes, conciliation procedures.